

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

Халықаралық құқық және
мемлекеттің күш қолдануы. 2-бөлім





Шет елдердегі өз азаматтарын қорғау

XIX ғасырда мемлекеттердің шетелдегі азаматтары мен мүлкін қорғау үшін күш қолдану заңды болып саналған және осыған байланысты оқиғалар да көп болған. Алайда БҰҰ Жарғысы қабылданған соң бұл мәселе жөнінде қарама-қайшы пікірлер көбейіп кетті. Өйткені мұндай жағдайларда мемлекеттің территориялық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігі бұзылуы әбден мүмкін. АҚШ соңғы жылдары басқа мемлекеттерге қарсы бірнеше мәрте күш қолданып, соның барлығы шетелдегі өз азаматтарын қорғау мақсатында жасалғанын айтып ақталып келеді. Бұл АҚШ-тың 1984 жылы Гренадаға, ал 1989 жылғы желтоқсанда Панамаға басып кірген кездегі өз әрекетін ақтауына бір себеп болды. Осы екі оқиғада АҚШ азаматтарына төнген қауіп осыншама күш жұмсауға сай келетін бе деген орынды сұрақ тудырады. Батыс Берлиндегі АҚШ әскери қызметшілеріне шабуыл жасалуына Ливияның қатысы бар деген күдік АҚШ-тың 1986 жылғы 15 сәуірде Ливияны бомбалауына себеп болды. АҚШ бұл бомбалау өзін-өзі қорғау қажеттігінен туған деп ақталуға тырысты. Жалпы, кейбіреулер мемлекеттің шетелдегі азаматтарын қорғау үшін күш қолдануы дұрыс деп тапса, басқалары халықаралық құқықта ондай құқық берілмегенін айтады. Бұл мәселе бойынша әлі де нақты пікірге келе алмай отырған мемлекеттер де бар. Ұлыбритания Сыртқы істер министрі бұл туралы 1993 жылғы 28 маусымда мынадай мәлімдеме жасады. Ұлыбритания шетелдегі азаматтарын мынадай жағдайларда қорғау үшін күш қолдана алады: біріншіден, мемлекеттің шетелдегі азаматтарына қарсы лаңкестік шабуылды басқа мемлекет қолдап отырғанына нақты дәлелі болуы керек; Екіншіден, мемлекеттің өз азаматтарына қарсы шабуылды тоқтату үшін басқа амалы қалмауы қажет; үшіншіден, қолданылатын күштің ауқымы төнген қауіптің ауқымына сай болуы керек.

Ұжымдық өзін-өзі қорғау

Тарихта мемлекеттердің сыртқы күштен қорғану үшін қарулы шара қолдануы халықаралық әдет-ғұрып құқығының нормасы ретінде қалыптасқан. Алайда 51-бапта да «ұжымдық қорғаныс» құқығы жөнінде айтылған. Сондықтан «мемлекет басқа мемлекетті қорғау үшін қаншалықты деңгейде күш қолдана алады?» деген заңды сұрақ туады. Ұжымдық қорғаныс идеясы әлі де екіұшты. Кейбір ғалымдар бұл идеяға мемлекеттердің қандай да бір шарттың немесе ұйымның аясында өзін-өзі жеке қорғауы ретінде немесе жан-жақты аймақтық қауіпсіздік жүйесі ретінде қарау керектігін айтып отыр. Бірақ, егер әр мемлекеттің жеке қорғанысы деген идея тұрғысынан қарасақ, бұл мүлде қисынсыз көрінеді.

Шындығында, мемлекеттер екінші көзқарасты ұстанып отыр. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін НАТО мен Варшава келісімі сияқты ұйымдар, 51-бапқа сәйкес, ұжымдық қорғаныс үшін құрылды. Бұл келісімдер бойынша келісімнің бір мүшесіне қарсы жасалған шабуыл барлығына қарсы шабуыл болып есептеледі. Сондықтан ұжымдық қорғаныс жеке мемлекеттің өзін-өзі қорғау құқынан әлдеқайда ауқымды, яғни бірнеше мемлекеттің іс-әрекеті ретінде қаралады. Сот Nicaragua ісінде осы көзқарасты ұстанған. Соттың айтуынша, бұл істе ұжымдық қорғаныс құқығы әдет-ғұрып құқығының нормасы болып саналады. Бірақ осы құқықты қолдану үшін жәбір көрген мемлекет өзіне шабуыл жасалғаны туралы мәлімдеп, одақтастарынан көмек сұрауы тиіс. Сонымен бірге сот «бір мемлекеттің басқа мемлекетке қарсы құқыққа қайшы әрекет етуіне жауап ретінде үшінші мемлекеттің басқыншы мемлекетке қарсы күш қолдануы сол әрекетке қарсы өзін-өзі қорғау мақсатында жауап-шара қолдануға тиіс болғанда ғана заңды болып есептеледі», – деген.

Араласу

Интервенция жасамау қағидаты халықаралық әдет-ғұрып құқығының нормасы және мемлекеттің территориялық егемендігі доктринасына негізделген. Мемлекет өзінің егемен билігімен шеше алатын мәселеге интервенция жасауға тыйым салынған. Халықаралық сот



Nicaragua ісінде айтқандай, бұл әр мемлекеттің өзінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени жүйесі мен сыртқы саясатын өз бетінше таңдауға құқылы екенін білдіреді. Мемлекеттің еркін таңдауына кедергі жасап, мәжбүрлегісі келген интервенция құқыққа қайшы болып саналады. Халықаралық құқықта басқа мемлекеттің ішкі оппозициясына қолдау білдіру – тыйым салынған интервенция. Сонымен қатар интервенция жасамаудың қарапайым қағидатын бұза отырып, күшті тікелей немесе жанама қолдану арқылы жасалған әрекеттердің бәрі халықаралық қатынастардағы күш қолданбау принципін бұзу.

Азаматтық соғыс

Халықаралық құқықта азамат соғысы мемлекеттің ішкі мәселесі. Тек өзін-өзі билеу құқығына байланысты қақтығыстар кезінде ғана сырттан араласуға болады. БҰҰ Жарғысы халықаралық қатынастарда күш қолдануға және күш қолдану қатерін төндіруге тыйым салатыны белгілі. Бірақ ішкі мәселелерде күш қолдануға тыйым сала алмайды. Көтеріліс мәселесі мемлекеттің ішкі юрисдикциясына қатысты, сондықтан ішкі заңдармен реттеледі. Егер көтерілісшілер жеңіске жетсе, онда көтерілісшілер құрған үкіметті тану мәселесі пайда болады.

Мемлекет көтерілісшілердің қай санатқа жататынын анықтап, оқиғаға сипаттама бергеннен кейін ғана халықаралық құқық нормаларын қолдануға болады. Егер көтерілісшілерге қылмыскер деп қараса, онда оларға қатысты ішкі құқық нормалары қолданылады, яғни басқа мемлекеттердің араласуына жол берілмейді. Ал егер көтерілісшілерді көтерілісші деп таныса, онда басқа мемлекеттер көтерілісшілердің қандай да бір құқықтарын мойындауға келісуі де, келіспеуі де мүмкін. Мұны әрбір басқа мемлекет өзі шешеді, себебі бұл жерде көтерілісшілердің аралық мәртебесі айқындалады, яғни басқа мемлекеттер көтерілісшілерге қалай қарайтынын өздері шешеді. Әдетте, көтерілісшілер уақытша санат болып есептеледі, мысалы, көтерілісшілердің де-факто билігінде қалып қойған территориядағы азаматтары мен мүліктерін қорғау үшін мемлекетке қажетті санат. Ал соғыс жағдайы дегеніміз – ол соғыс басталғаннан толық аяқталғанға дейін мемлекетпен жаулық қатынаста болу.

Халықаралық құқықта басқа мемлекеттердің көтерілісшілерді соғысушы тарап деп тануы үшін көтерілісшілер белгілі бірталаптарға сай болуы керек. Олар мемлекеттегі қарулы қақтығысқа қатысқан болуы тиіс және мемлекет территориясының айтарлықтай бөлігіне билік орнатуы, соғысты соғыс ережелеріне сай жүргізуі, белгілі бір билік органдарына бағынуы, мемлекеттегі жағдайды өзгерте алатындай әлеуеті болуы керек. Басқа мемлекеттер көтерілісшілерді соғысушы тарап ретінде мойындағаннан кейін осы соғысушы тарап халықаралық құқықтың субъектісіне айналып, ендігі әрекеттері үшін халықаралық жауапкершілік жүктеледі. Сондай-ақ екі тарап та соғыс жүргізу нормаларын сақтауға тиіс. Бірақ практикада мемлекеттердің қақтығысқа қатысушы тараптарға мәртебе беретін кезі сирек ұшырасады. Себебі қақтығыс нәтижесі қалай боларын, қай тараптың жеңіске жететінін күтеді. Демек, бұл саладағы құқықтық нормалар классикалық мағынада қолданылмайды, сондықтан қақтығысқа араласуға бола ма, болмай ма деген мәселені шешу қиынға түседі.

Гуманитарлық интервенция

Енді біз мемлекетер гуманитарлық интервенция құқығына қай кезде ие болатыны туралы айтайық. Белгілі бір жағдайда мемлекет басқа мемлекеттің территориясындағы адамдар өз азаматы болмаса да сол адамдардың өмірін сақтап қалу үшін интервенция жасауға құқылы болатыны айтылады. Бұл норма БҰҰ Жарғысы қабылданғанға дейінгі құқықта да болған. Дегенмен бүгінде БҰҰ Жарғысының 2(4)-бабындағы нормаларды ескеріп, ондай көзқараспен келісу қиын. Бұл норма мемлекеттің «территориялық тұтастығы» қағидатын бұзуға рұқсат етіп, әдет-ғұрып құқығы нормасын қалыптастыратын сияқты. Себебі, оны алпауыт мемлекеттер әлсіз мемлекеттің территориясына интервенция жасау үшін пайдалану қаупі жоғары. Дегенмен



халықаралық қауымдастық кей жағдайда яғни басқа мемлекеттің араласуы нәтижесінде көптеген адамның өмірін сақтап қалған жағдайларда ондай интервенцияны айыптауға асықпайды. Оның үстіне, ондай құқықты төтенше гуманитарлық қажеттілік туған кезде қолдануға болады. Мысалы, Парсы шығанағындағы соғыстан кейін Солтүстік Ирактағы содырлардың лагерьлерін жою үшін Батыс әскерлерінің интервенция жасауы халықаралық әдет-ғұрып құқығының төтенше жағдайда гуманитарлық интервенция жасауға рұқсат ету құқығына сай деген уәж айтылды.

Қауіпсіздік Кеңесінің 1991 жылғы 688-қарарында Ирактың күрдтер мен шииттерді қудалауын айыптаған АҚШ, Ұлыбритания, Франция мемлекеттері Ирактың солтүстік және оңтүстік аймақтарындағы әуе кеңістігін «ұшуға болмайтын» аймақ деп жариялады. Бірақ, бұған БҰҰ-нан арнайы рұқсат алмаған болатын. Ұлыбритания «ұшуға болмайтын аймақты» белгілеу «халықаралық әдет-ғұрып құқығына негізделген гуманитарлық қажеттіліктен туындап отыр» деп мәлімдеді. Соңғы кездерде «қорғау жауапкершілігі» мәселесі кешенді тұжырым ретінде қарастырыла бастады. Оның ішінде апатты жағдайдың алдын алу, дер кезінде шара қабылдау мен қалпына келтіру үшін жауапкершілік қоса қамтылады. Мұндай ұстаным гуманитарлық интервенция қағидатын алпауыт мемлекеттердің емін-еркін қолдануына шек қою мақсатында қалыптасуы мүмкін. Әрі бұл БҰҰ қызметінің халықаралық қауымдастық үшін маңызын арттыратын үрдіс екеніне күмән жоқ. Гуманитарлық интервенция жасауға мемлекеттер де, халықаралық қауымдастық та міндетті. Оларға интервенциядан кейін қайтадан қалпына келтіру міндеттемелері де жүктелген.

«Қорғау жауапкершілігі» түсінігі о баста кең ауқымды және икемді болғандықтан, гуманитарлық интервенция докторинасың біржақты кемшіліктері бірте-бірте жойылып келеді. Біз бұдан мемлекеттердің өз территориясындағы адамның құқығын қорғау міндеттемесі мен БҰҰ-ның кез келген қарулы қақтығысқа бей-жай қарамайтынынан көре аламыз. Бірақ мұндай ұстаным қаншалықты тиімді болатынын уақыт көрсетеді.

Терроризм және халықаралық құқық

Терроризмді саяси мақсатқа жетудің құралы ретінде пайдалану жаңалық емес, бірақ бұл құбылыс соңғы кездері жиілеп кетті. Көп жағдайда террористер бір мемлекетке қысым жасау үшін бейтарап үшінші мемлекетті немесе оның ең жақын одақтастарын пайдаланады. Халықаралық құқықта бұл тұрғыда бірнеше күрделі мәселе бар. Ең алдымен, терроризм ұғымына анықтама беру мәселесі, яғни терроризм ұғымына нені жатқызамыз деген сұрақтың жауабын табу: мысалы, адамға шабуылдан бөлек, мүлікті қиратып-бүлдіру террористік шабуыл деп таныла ма? Қылмыскердің пигылы мен қылмыстың астарында не жатқанын қалай білеуге болады? Екінші, терроризм мен мемлекеттің оған қарсы күш қолдануының арасындағы байланыс. Үшінші, терроризм мен адам құқығының арақатынасын есепке алу қажет.

БҰҰ бүгінге дейін терроризмге қатысты он төрт конвенция қабылдады. Бұл конвенциялар көлікті айдап кету, адамдарды кепілге алу, террористік бомбылау тәрізді қылмыстар жөніндегі конвенциялар. Бұл конвенциялардың көпшілігі жалпы мақсатта, квазиэмбебап юрисдикция сипатында қолданылып келеді, сондай-ақ халықаралық міндеттемелерді бекіткен, яғни терроризмге анықтама береді. Мемлекеттер арасындағы келісімдерге терроризммен күрес туралы нормаларды енгізіп, қатысушы мемлекеттердің осы саладағы міндеттерін бекітеді, ішкі құқық нормаларына терроризм туралы нормалар енгізуді, терроризм қылмысына юрисдикция бекітілуін талап етеді. Сондай-ақ сол мемлекеттің территориясында жасырынып жүрген террористі ұстау мен оны қылмыстық-құқықтық жауапкершілікке тартатын тиісті мемлекетке экстрадиция жасау міндеттерін бекіткен.

Ендігі кезекте БҰҰ терроризм мәселесін қандай жолмен шешуге тырысып отырғанына назар аударайық. 1972 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы терроризм жөніндегі ad hoc комиссиясын құрды, ал 1994 жылы Халықаралық терроризмді жою шаралары туралы декларация қабылдады. Декларацияда «терроризмнің барлық әдістері мен практикасы қалай және қай жерде жасалса да қылмыс болып саналады және оны ақтауға болмайды» деп жарияланды. Сондай-ақ «мемлекеттің қоғамға, адамдар тобына немесе жекелеген адамдарға қатысты саяси



мақсаттағы террорлық әрекетін арандатуға бағытталған қылмыстарды саяси, философиялық, идеологиялық, нәсілдік, этникалық, діни немесе басқа да сипатына қарамастан ақтап алуға болмайды» делінген. Мемлекет террористік әрекеттерді ұйымдастырудан, арандатудан, қаржыландырудан, үнсіз келісуден аулақ болуға тиіс және өз территориясының басқа мемлекеттерге қарсы террористік объектілер, террористік лагерьлер, террористік әрекеттер үшін пайдаланылмауын қамтамасыз етуге міндетті.

2001 жылғы 11 қыркүйекте Дүниежүзілік сауда орталығына жасалған шабуылдан кейін терроризмге қарсы процесі әлдеқайда белсенді жүре бастады. Қауіпсіздік Кеңесі осы шабуыл жасалған күннің ертеңіне қабылданған 1368-қарарында (2001 жылғы) «террорлық топтардың халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төндірген қатеріне қарсы қолда бар құралдардың бәрімен күресуге шақырып», ондай шабуылдарды халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндіретіні үшін батыл айыптаған. Бір жағынан 1373-қарарда (2001 жылғы) осы көзқарасты қолдай отырып, терроризммен тек БҰҰ Жарғысында рұқсат етілген құралдармен күресуге болатыны нақтыланды.

Қауіпсіздік Кеңесі террористік әрекеттерді қаржыландырудың, осы мақсатта қаржы жинау мен ұсынудың алдын алу мен күресу жөнінде, терроризмге қатысты адамдар мен ұйымдардың есеп-шоттары мен қаржы ресурстарын бұғаттау жөнінде бірқатар міндетті шешімдер қабылдайды. Бұған қоса, мемлекеттерді терроризмге қатысты әрекетке қолдау білдіруден бас тартуға, ондай адамдарға қарсы шара қабылдауға, террористік актілер мен оларды дайындаудың алдын алу және күресу үшін басқа мемлекеттермен ынтымақтасуға шақырды. Қауіпсіздік Кеңесі, сондай-ақ, терроризмді қолдау, террористік әрекеттер мен оның әдістері БҰҰ қағидаттарына қайшы екенін біле тұра терроризмді қаржыландыру, жоспарлау, арандату БҰҰ-ның мақсаты мен қағидаттарына қайшы екенін айтқан. Қауіпсіздік Кеңесі осы қарарлардың орындалуын қадағалау үшін Терроризмге қарсы комитет құрғанын айта кеткен жөн. Мемлекеттер осы жоғарыда аталған қарарларды орындау мақсатында қабылданған шаралар туралы комитетке баяндама жасайды. Сондай-ақ, комитетке террористік актілер жасауға, арандату әрекеттеріне тыйым салу және өркениеттер арасындағы диалог пен өзара түсіністікке қолдау жасау туралы 1624-қарардың орындалу барысы жөнінде мемлекеттермен хабар алмасып тұруға тапсырыс берді.

Қауіпсіздік Кеңесі 1377-қарарында осыған дейінгі шараларға қолдау көрсете отырып, халықаралық терроризм әрекеті «XXI ғасырда халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнген үлкен қатер екенін» айта келіп, терроризмге қарсы комитеттен шараларды орындауға қажетті заңдарды қабылдау, техникалық мүмкіндіктерді шыңдау, қаржы, заң шығару және басқа салалардағы бағдарламаларды жүзеге асыру үшін 1373-қарарда айтылған мәселелер бойынша қол жеткізілген үздік тәжірибелерді пайдалануын сұраған.

Терроризмге қарсы комитет 2004 жылы күшейтіліп, жанынан бірнеше сарапшы мен әкімшілік және қосалқы қызметкерлерден тұратын Атқару директоры қарулы құрылды. Қауіпсіздік Кеңесінің 2004 жылғы 1540-қарарын қабылдау арқылы тағы бір комитет құрылып, жаңа комитет мемлекеттерді өздерінің ішіндегі мемлекеттік емес субъектілердің қолына ядролық, химиялық, биологиялық қару түрлері мен сол қаруларды тасымалдау құралдары түспеуін қадағалауға, сондай қарулардың тарап кетпеуіне қарсы шаралар қолдануға, аталмыш қаруларды тиісінше қадағалап отыруға шақырды.

Сұрақтар

1. Халықаралық құқық гуманитарлық интервенцияны жүзеге асыру үшін қандай да бір талаптарды орнықтырды ма?
2. Халықаралық құқықтағы өзін-өзі қорғау мен қарулы шабуылды бір-бірінен қалай ажыратуға болады?
3. Сіздің ойыңызша шетелде жүрген азаматтарын қорғау үшін бір мемлекеттің басқа мемлекеттерге қарсы күш қолдану әрекеттері қаншалықты әділетті және дұрыс қадам?



Кітап: Халықаралық құқық, II

Дәріс: 19. Халықаралық құқық және мемлекеттің күш қолдануы. 2-бөлім

Әдебиеттер

1. I. Brownlie, *International Law and the Use of Force by States*, Oxford, 1963.
2. Y. Dinstein, *War, Aggression and Self-Defence*, 5th edn, Cambridge, 2011.
3. Кузнецов В.И., Тузмухамедов Р.А., Ушаков Н.А., *От Декрета о мире к Декларации мира.* – М. 1972.